

Облыс әкімдігінің кейбір қаулыларының күші жойылды деп тану туралы

Қостанай облысы әкімдігінің 2016 жылғы 25 ақпандағы № 82 қаулысы

"Нормативтік құқықтық актілер туралы" 1998 жылғы 24 наурыздағы Қазақстан Республикасы Заңының 40-бабына сәйкес Қостанай облысының әкімдігі **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:**

1. Осы қаулының қосымшасына сәйкес Қостанай облысы әкімдігінің кейбір қаулыларының күші жойылды деп танылсын.

2. Осы қаулы қол қойылған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі.

Облыс әкімі

А. Мухамбетов

Әкімдіктің
2016 жылғы 25 ақпандағы
№ 82 қаулысына қосымша

Қостанай облысы әкімдігінің күші жойылған қаулыларының тізбесі

1. Қостанай облысы әкімдігінің 2010 жылғы 30 қаңтардағы N 54 "Қостанай облысы аумағындағы елді мекеннің құрамдас бөліктеріне атау беру және атауын қайта өзгерту тәртібін жүргізу жөніндегі ережелерін, жер телімдеріне, ғимараттарға және құрылыстарға реттік нөмірлер беру талаптарын бекіту туралы" қаулысы (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 3704 болып тіркелген, 2010 жылғы 23 ақпанда "Қостанай таңы" газетінде жарияланған);

2. Қостанай облысы әкімдігінің 2013 жылғы 8 сәуірдегі № 135 "Әкімдіктің 2010 жылғы 30 қаңтардағы № 54 "Қостанай облысы аумағындағы елді мекеннің құрамдас бөліктеріне атау беру және атауын қайта өзгерту тәртібін жүргізу жөніндегі ережелерін, жер төлемдеріне, ғимараттарға және құрылыстарға реттік нөмірлер беру талаптарын бекіту туралы" қаулысына өзгеріс енгізу туралы" қаулысы (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде 2013 жылғы 8 мамырда № 4128 болып тіркелген, 2013 жылғы 4 маусымда "Қостанай таңы" газетінде жарияланған);

3. Қостанай облысы әкімдігінің 2013 жылғы 17 маусымдағы № 230 "Әкімдіктің 2010 жылғы 30 қаңтардағы № 54 "Қостанай облысы аумағындағы елді мекеннің құрамдас бөліктеріне атау беру және атауын қайта өзгерту тәртібін жүргізу жөніндегі ережелерін, жер төлемдеріне, ғимараттарға және құрылыстарға реттік нөмірлер беру талаптарын бекіту туралы" қаулысына өзгерістер енгізу туралы" қаулысы (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде 2013 жылғы 2 шілдеде № 4170 болып тіркелген, 2013 жылғы 10 шілдеде "Қостанай таңы" газетінде жарияланған).

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК